



Дәрілік заттардың этикалық жылжыту

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

Дәрі-дәрмектер денсаулықты қолдауда маңызды рөл атқаруы мүмкін, бірақ сонымен қатар оларды ұтымды қолданудың өмірлік маңызы бар.

Егер пациент емдеуді қажет ететін болса, онда ол дұрыс дозада және көлемде, адекватты емделу курсына жеткілікті болатын қажетті дәрілерге қолжеткізе алуы тиіс.

Фармацевтикалық өнеркәсіптің қоғамға құнды үлес қосатыны сөзсіз, алайда, ең алдымен, **фармацевтикалық индустрия – бизнес** екенін ұмытпаған жөн.



Дәрілерді кеңінен жарнамалау дәрілердің ұтымсыз тағайындалуына және шектен тыс қолданылуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, жанама әсерлер қауіпінің артуына және денсаулық сақтау шығындарының көбеюіне әкеп соғады. Дәрілерді фармацевтикалық нарықта сатуды барынша ынталандыру мен пациенттердің денсаулығына деген қамқорлықтың арасында қайшылықтар бар.

Соңғы жылдары үдеп келе жатқан алаңдаушылық денсаулық сақтау қызметкерлері мен фарминдустрияның арасындағы байланысқа - атап айтқанда, индустрияның емдеуді таңдауға әсер ететін көптеген жарнама құралдары арқылы дәрілерді тағайындау мен босатуға қызығушылық туғызды.

Бұл ықпал дәрі-дәрмектерді айтарлықтай оңтайлы таңдамауға әкеп соғуы, кейде пациенттің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Дәрілік заттарды ұтымды қолдануды әлемдік денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізуге басты кедергі келтіретін — фармацевтикалық индустрияның өз өнімін/дәрілерді жылжыту бойынша әдепсіз қызметі.

Міне, сондықтан да ДДҰ-ның конференциясында 1985 жылы алты тілде жарияланған дәрілерді жылжыту жөніндегі этикалық өлшемдер әзірленген болатын.



Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы (ДДҰ) «өндірушілердің заңды коммерциялық мақсаттары мен денсаулық сақтау қызметкерлерінің және халықтың дәрілерді ұтымды түрде таңдауға және пайдалануға деген әлеуметтік, медициналық және экономикалық қажеттіліктері арасындағы шарасыз мүдделер қақтығысы» деп сипаттайды (Еуро-ВОЗ, 1993).

Дәрілік заттардың этикалық жылжыту - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және Еуропалық одақтың өлшемшарттарын ескере отырып, **қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттарды**, медициналық бұйымдарды әзірлеушіден және (немесе) өндірушіден тұтынушының қолдануына дейін жылжыту процесінде жүзеге асырылатын қызмет

Дүйім жұртқа арналған жарнама ең алдымен, адамдарға дәрігердің рецептісіз сатылатын дәрілік заттарды пайдалану бойынша дұрыс шешім қабылдауына көмектесуі тиіс.

! Дәрігердің рецепті бойынша босатылатын немесе білікті дәрігер ғана емдей алатын ауыр жағдайларда қолданылатын препараттарды жарнамалауға болмайды.


«Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты - міне, осылар денсаулық сақтау саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс»

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаев

Осы шығарылымда :

Дәрілік заттарды этикалық жылжыту	1
Сонымен ,«Дәрілік заттардың жарнамасы» дегеніміз не?	2-3
Фармацевтикалық этика	3

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығының Қазақстан Республикасының халқына (7296 респондент) жүргізген сауалнамасының қортындысы бойынша сұрау салынған респонденттердің **37,2% (2717)** «ТД мен баспа басылымдарындағы жарнама дәрілік заттарды қолдануға әсер ете ме?» деген сұраққа мақұлдап жауап берді, сонымен қатар **51,8%-ы (3780)** дәрілік заттар туралы жарнамалық ақпаратқа көңіл аудармаймыз деп жауап берді және **10,9%-ы (799)** жауап берген жоқ.



10-сурет. ДЗ жөніндегі жарнамалық ақпараттың пациентке әсер етуі бойынша респонденттерге жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы мәліметтері

Осылайша, Қазақстанның әрбір үшінші азаматы ТД, баспасөз беттеріндегі және Интернеттегі жарнаманы басшылыққа алып, препараттарды дәрігердің тағайындауынсыз өз бетімен қабылдайды.

Сонымен, «Дәрілік заттардың жарнамасы» дегеніміз не?



Жарнама кедергі жасайды және көмектеседі, жалықтырады және алаңдатады, көңіл көтереді және

күлдіреді, ызанды келтіреді және күңкілдеуге мәжбүрлейді, бірақ одан қазіргі заманда жасырынып қалу мүмкін емес, және онымен бірге өмір сүрудің ең жақсы тәсілін әрбір адам өзі таңдайды: біз оған көндігеміз, өзіміз үшін пайдаланамыз, оған назар аудармауға үйренеміз....Бірақ, жарнаманы ұмыта алмаймыз!

Сыни тұрғыдан ойлай отырып, жарнаманың қысымына қарсы тұруға болады және әдемі этикеткалары бар улы және зиянды өнімдерсіз салауатты өмір салтын қалыптастыруға болады.

Біздің заманымызда жарнамасыз өмір сүру мүмкін емес. Жарнама біздің сеніміміз бен талғамымызға әсер етеді, әр түрлі жағдайларда оң және теріс бейнелерді жасауға дайын қылықтардың түрлерін үлгілейді.

Біз көбінесе өзімізге ұсынылған, кеңес берілген заттарды сатып аламыз. Және әрқайсымыз, кейде тіпті байқамай немесе мойындағымыз келмей, жарнаманың ықпалында қаламыз. Біз бұл ықпалды байқамаймыз, өйткені жарнама санадан тыс деңгейде әсер етеді, бұл ретте әрдайым дерлік өзіміздің басты мақсатымызға жетеміз.

Дәрілік заттар жарнамасының өз ерекшелігі болады. Онда пациенттердің ақпараттық қажеттіліктері өндіруші фирмалардың және дистрибьюторлардың (дәріханалардың) коммерциялық мүдделерімен ұштасып жатады және **науқастардың бақылаусыз өзін-өзі емдеу қаупіне** дәрігерлердің аландауымен тікелей байланысты.

Ол дәрілік заттардың ресурстары мен ассортиментін белсенді түрде басқару тетіктерінің бірі болып табылады және дәрілік препараттарды тұтынуға елеулі әсер етеді (сұраныстың өзгеруі) және сол арқылы фармацевтикалық нарықты басқарады.



Өзін-өзі емдеу - кәсіби мамандар-медикистерге ұдайы жүгінбей, ауруларды емдеу және ауырсыну жағдайларын жою тәсілі.

Өзін-өзі емдеудің қауіптілігі

♦ Өзін-өзі емдеу кәсіби мамандарға кеш қаралуға әкеп соғады.

♦ кең таралған рецептсіз дәрілік заттардың көмегімен өзін-өзі емдеу дәрілермен емдеу жүргізген кезде жанама әсерлер көлемінің артуына әкеп соғады.

Нәтижесінде дәрігерден қажет емес дәрілерді талап етуі мүмкін.

Кез келген фармацевтикалық компанияның күнделікті практикадағы бірінші кезектегі міндеті тауарларын нарықта жылжыту болып табылады.

Дәрі—бұл тауар!





Дәрілік препараттардың жарнамалық хабарламаларында мынадай міндетті ақпарат болады:

✓	сауда атауы;
✓	халықаралық патенттелмеген атауы (белсенді әсер етуші зат) немесе құрамына кіретін компоненттер туралы мәліметтер;
✓	қолданылу бойынша негізгі көрсетілімдері;
✓	қолданылу тәсілі мен дозалары;
✓	негізгі жанама әсерлері;
✓	негізгі қарсы көрсетілімдері;
✓	балаларға, жүкті әйелдерге қатысты, сондай-ақ бала емізу кезіндегі ерекше көрсетілімдер;
✓	босатылу шарттары;
✓	көрнекі және түсінікті ұсынымдар, тағайындау және қолдану алдында медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығу қажет;
✓	өндірушінің және/немесе Қазақстан Республикасындағы сауда өкілінің атауы, мекенжайы;
✓	тіркеу куәлігінің нөмірі және берілген күні; (дәрінің тіркелу коды)
✓	тіркелу мерзімінің аяқталу күні

Дәрілер туралы жарнама:

- » Нақты және сенімді;
- » Шынайы және уақытылы;
- » Дәлелді;
- » Түсінікті және халыққа қолжетімді **болуы тиіс**

Фармацевтикалық этика

Фармацевтикалық нарықтың этикалық нормалары өндіруші мен пациенттің тікелей байланысына тыйым салады. Бірқатар елдерде дәрілік заттардың барлық түрлерін жарнамалауға құқықтық шектеулер қойылған.

ДЗ көпшілік жарнамасының этикасы

зиян келтірмеу =

алдамау =

еліктірмеу!!!

Жылжытудың дәрілік заттарды пайдалануға әсері препараттың пайдасына таңдау жасауды медицина қызметкері емес, жарнамаға сеніп адамның өзі жасайтын болса, проблемаға айналады.

Бұл, әсіресе, егер дәрі қажет болмаған жағдайда қолданылатын болса, егер дұрыс қолданылмайтын болса өте қауіпті (мысалы, дұрыс емес дозада, немесе пациентке тағайындалмаған болса).

Антибиотиктердің жарнамасы ерекше алаңдаушылық туғызады, өйткені, шектен тыс пайдалану микробтардың антибиотиктерге тұрақтылығына әкеп соғады және оларды қолданудың пайдасын төмендетеді.

Егер рецептілік дәрілер теледидар, интернет арқылы жарнамаланатын болса, кез келген адам оны жай ғана дүкенге барғандай, дәріханаға барып, мысалы, әбден жарнамаланған тіс пастасын сатып ала алмайды.

Дәрілік заттың жарнамасын көрген адам дәріні сатып алмас бұрын консультация алу үшін дәрігерге баруы тиіс.

Әрбір дәрілік затта **халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА)** деп аталатын әсер етуші зат болады. Дәрілік заттың бір халықаралық атауының әртүрлі өндіруші шығарған бірнеше сауда атауы болуы мүмкін.



Дәрілік затты дәріханадан сатып аларда асықпаңыз! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз!

Дәрінің белсенді әсер етуші затына (ХПА) назар аудару қажет.

Дәрілердің көпшілігіне бірнеше аналогтардың болатынын түсінуіңіз керек (олар генериктер деп аталады). Әрбір дәріханада өндіруші фирмасы мен бағасында ғана айырмашылықтары бар осындай бірнеше генериктер сатылады (ең қолжетімдісінен бастап қымбатына дейін).

Рецептілік дәрілер дәріханада тек дәрігердің рецепті бойынша ғана босатылуы тиіс!

Фармацевтикалық компаниялардың (өндірушінің) логотипі және препараттардың атауы бар бланктерге немесе медицина мекемесінің мөрі бар, бірақ дәрігердің жеке мөрі жоқ жәй қағазға жазуға тыйым салынады!

Рецептілерді дәрігерлер тек қана белгілі бір көрсетілімдер бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бланктерге жазып берулері тиіс (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығы).

Құрметті қазақстандықтар, өз өмірлеріңізді, өз денсаулықтарыңыз бен жақындарыңыздың денсаулықтарын бағалай біліңіздер! Жауапты болыңыздар, дәрі-дәрмектерді дәрігердің тағайындауынсыз қолданбаңыздар! Есте сақтаныз, қандай да бір дәріні қабылдау қажеттігін тек дәрігер ғана анықтай алады.

Егер дәрілік заттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар туындаса, бүкіл Қазақстан бойынша бірыңғай тегін телефон желісіне қоңырау шалыңыз 8 800 080 88 87 немесе біздің ресми сайтқа жазыңыз : www.druginfo.kz. Біздің қызметіміз сіздерге арналады !

Дәрілерді дұрыс қолдану, олардың мүмкін болатын жанама, өзара әсерлері туралы ақпаратты, сонымен қатар осы тәрізді сауалдарға:

Тегін дәрілік заттарды алуға кім құқылы?



Тегін дәрілер жүкті әйелдерге беріле ме?



Қандай ауруларда дәрілер тегін беріледі?



Балаларға қандай дәрілік заттарды, қай ауруларда тегін алуға болады?



**ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҰТЫМДЫ
ПАЙДАЛАНУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
мамандары жауап бере алады**

**ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН
8 800 080 88 87**

сауалдарыңызды www.druginfo.kz сайтына жолдаңыздар

МАТЕРИАЛ ДАЙЫНДАҒАНДАР:

Жусупова Г.К., Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығының басшысы, клиникалық фармаколог, жоғары санатты дәрігер, MD

Есбатырова Л.М., ДЗҰПО Ұтымды фармакотерапия бөлімінің бастығы, клиникалық фармаколог, MD

Демеева Л.Ж., ДЗҰПО Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медицина техникасының қажеттілігін анықтау бөлімінің бас маманы

Назар аударыңыз!

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы жарнама берушілермен және дәрілік заттар өндірушілермен қызмет жасамайды. Дәрілік бюллетень басып шығару және тарату Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігімен қаржыландырылады.

**Бізбен байланыс: Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы
ҚР ДСМ «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК
Астана қ-сы, Мәңгілік ел к-сі 8, 18В кіреберіс, 108 кабинет.**

Тегін телефон желісі - 8 800 080 88 87

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ